

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Холокост Мемориалдық Мұражайы арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 мамырдағы N 525 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Холокост Мемориалдық Мұражайы арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Холокост Мемориалдық мұражайы арасындағы Ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мен Америка Құрама Штаттарының Холокост Мемориалдық мұражайы (бұдан әрі - Мұражай), бұдан әрі Тараптар деп аталатын, өзара тиімді ынтымақтастық туралы ниетті назарға ала отырып, мұрағаттар саласындағы бірлескен зерттеулердің маңыздылығын растай отырып, халықаралық құқық нормалары мен тараптардың - мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасай отырып, мыналар туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің атынан осы Келісімді іске асыруды Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) жүзеге асырады.

2-бап

Комитет американдық зерттеушілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарында сақталған Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі еврей босқындары туралы құжаттарды анықтау және көшіру жөніндегі жұмыста көмек көрсетеді.

3-бап

Мұражай қазақстандық мемлекеттік мұрағат мекемелерінің өкілдеріне Қазақстан Республикасы үшін тарихи және мәдени құндылығы бар құжаттарды анықтау және көшіру жөніндегі жұмыста жәрдемдеседі.

4-бап

Мұрағат құжаттарына қол жеткізу Тарап мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-бап

Мұражай Комитетке АҚШ мұрағат қоймаларындағы Қазақстан тарихы жөніндегі құжаттар туралы ақпаратты береді.

6-бап

Құжаттарды анықтауға және көшірмелеуге байланысты мәселелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттары мен Мұражай арасындағы белгіленген тәртіппен келісілген құжаттарды көшірмелеу үшін беретін шарттар шеңберінде реттеледі.

7-бап

Комитет пен Мұражай Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттары мен Мұражай мұрағатында анықталған құжаттарды баспа және электронды басылымдарда жариялаған кезде құжаттардың түпнұсқасын сақтайтын мұрағаттарға сілтеме жасауға және оларды үшінші тұлғаға бермеуге міндеттенеді.

8-бап

Комитет пен Мұражай өзара қолайлы жағдайларда мұрағаттарды сақтау және пайдалану, көрме жұмыстары мәселелері бойынша мамандармен, әдебиеттермен алмасуды жүзеге асырады.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Комитет пен Мұражай бірлескен консультациялар өткізеді. Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану барысында

туындауы мүмкін барлық даулы мәселелер келіссөздер және консультациялар жолымен шешіледі.

10-бап

Осы Келісімді іске асыруға байланысты мәселелер шешуге Тараптар өз заңнамасы шеңберінде келісілген көзқарасты ұстанады.

11-бап

Келісім екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады. Осы Келісім егер Тараптардың ешқайсысы екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады. Бұл ретте Келісімнің қолданылуы бір Тарап осындай ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген сәттен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Келісім 2003 жылғы _____ Алматы қаласында және Вашингтон қаласында ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде, екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің заңды күші бірдей.

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Америка Құрама Штаттарының</i>
<i>Мәдениет, ақпарат және</i>	<i>Холокост</i>
<i>қоғамдық келісім министрлігі</i>	<i>Мемориалды Мұражайы</i>